

№ 25 (46245)
СУББОТА,
26 ИЮНЯ
2004 года

тардың қайсы-
ы бір
зір

НУРА

Издаётся с 1 мая 1963 года

ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ ПРИ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКЕ АКИМАТА И МАСЛИХАТА НУРИНСКОГО РАЙОНА

ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ

ЗА СТРОКОЙ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА

НАША СИЛА — В КОНСОЛИДАЦИИ

Вторую неделю в районе активно ведут свою деятельность информационно-пропагандистские группы аппарата акимата района, охватывая все населенные пункты Нуры и Теңізского региона с целью большой разъяснительной работы по самым актуальным вопросам дня. Чуть подробнее об одной из таких встреч рассказывает корреспондент газеты Н. Шевченко.

В двухстороннюю беседу превратилась встреча информационно-пропагандистской группы районного акимата с населением села Кобетей и Энтузиаст, в составе которой в села выезжали заведующая отделом внутренней политики и социальной сферы аппарата акима З. А. Даутова и исполнительный директор районного представительства партии «Отан», депутат Маслихата Ж.А. Мухамеджанов. Подобных групп при аппарате акима создано пять, каждая из которых ставит своей целью еще раз донести до каждого жителя района основные тезисы Послания Президента страны народу Казахстана от 19 марта 2004 г., изменения и дополнения в закон о выборах и о деятельности районного представительства партии «Отан» за отчетный период.

С первых же слов З.А. Даутовой присутствующие на встрече представители интеллигенции, рабочего класса, коммерческих структур и т.д., внимательно вслушиваются в изменения, достигнутые в области образования, здравоохранения, культуры за последние годы, которые говорят о том, что не только весь Казахстан в целом, но и отдельно наш район прочно встает на ноги, расширяя сферы своей деятельности. - Первое официальное Послание Президента народу прозвучало в октябре 1996 г., - напомнила Зара Ахметжановна. - С тех пор ежегодные программные выступления Главы государства, включающие не только оценку текущей ситуации, но и ориентиры на перспективу, стали как бы представлением руководства о том, что нужно делать и как жить дальше. Это своего рода призыв к действию, а задачи, которые ставит Н.А. Назарбаев на протяжении лет - это всегда продуманные эффективные и своевременные меры. Особенность настоящего Послания - его социальная направленность, разработка конкретных программ, стимулирующих рост конкурентоспособности Казахстана на международной арене.

Далее З.А. Даутова подробно остановилась на конкретных достижениях нашего района, который также как и вся страна реализует свои возможности через большую веру в себя, патриотизм, единство и согласие. А это, прежде всего, введенные в эксплуатацию двухэтажная пристройка к Заречной СШ и реконструированное здание СВА с. Шахтерское. Капитальный ремонт районной больницы на 63 млн. тенге, начатый в 2003 г.; капитальный ремонт отопления КСШ № 3 и Социальной СШ; капитальный ремонт водопровода в с. Щербаковское на 35,7 млн. тенге; постройка жилых домов и многое другое, что делает жизнь на селе сегодня лучше.

Перейдя к вопросу о предстоящих выборах, Зара Ахметжановна остановилась на внедрении новых избирательных механизмов, требующих определенного подхода к избирательной компании. В частности, это многопартийность членов избиркомов, позволяющая сделать избирательный процесс более прозрачным и открытым. Всего в районе зарегистрировано 10 политических партий, 4 из которых имеют свои первички; это «Отан», «Асар», аграрная партия и «Акжол». И если каждая из 10-ти партий имеет индивидуальные направления, то президентская партия «Отан» объединяет все их цели и задачи, поддерживая в первую очередь идеи Президента.

Более подробно о работе районного представительства партии «Отан» под председательством Т.Р. Рахимбекова, рассказал Ж.А. Мухамеджанов, который также коснулся роли партии на предстоящих выборах, спонсировании некоторых районных мероприятий и других полезных делах, которыми уже успели заявить о себе отановцы.

- На сегодняшний день, - заявил Жумабай Абдыгаппарович, - в районе насчитывается 30 первичных партийных организаций, объединивших в своих рядах более тысячи отановцев. За отчетный период состоялось 12 партийных собраний в коллективах райцентра и населенных пунктах, проведено 3 заседания политсовета. Из 13-ти депутатов районного Маслихата, 12 являются членами партии «Отан», в связи с чем на одной из сессий была утверждена депутатская группа партии.

Ж.А. Мухамеджанов рассказал также об активном участии отановцев во всех мероприятиях, проводимых в районе, будь то спортивные состязания, детские, социально значимые или посвященные красным датам праздничные дни, спонсорами большей части из которых они являются. Он также отметил, что это единственная партия, которая претворяет в жизнь идеи Президента, а значит, носит в себе позитивный характер, выполняя главные функции роста благосостояния и единства народа Казахстана.

В каждом из хозяйств выступления членов информационно-пропагандистской группы было встречено рядом вопросов и предложений, на что представители районного акимата и Маслихата постарались дать исчерпывающие ответы.

Мерекелеріңізбен!

Құрметті «Нұра» газетінің қызметкерлері!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығы бойынша жыл сайын маусым айының 28-ші жұлдызында елімізде Баспасөз күні кеңінен аталып өтіледі. Бұл барлық басылымдар мен аппарат саласы қызметкерлері үшін көрнекті кәсіби мереке. Аптасына бір-ақ рет шығуына және өзінің шағын көлеміне карамастан «Нұра» газеті аудандық әкімдіктің, мәслихаттың шешімдерін, экономикалық реформа барысын, шаруашылықтардың жұмыстарын, мектеп өмірін, емдеу орындарының халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі іс шараларын, басқа да өзекті мәселелерді газет бетінде үнемі жариялауда. Үнкағазда беріліп жатқан материалдар «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасына, «2003-2005 - Ауыл жылдарына», Елбасының наурыздағы халыққа арнаған Жолдауына арналған. Өмір талабына сай газетте жана рубрикалар ашылып, ауыл шаруашылығы, мәдени-ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, қоғамдық тәртіпті нығайту және басқа да тақырыптар бойынша мақалалар беріледі.

Қазіргі уақыттағы баспасөз қызметкерлерінің міндеті-елдегі жаңалықты кәсіби терең талдау арқылы халыққа уақытында жеткізіп отыру, мақалаларды шындыққа сүйенсе, жан-жақты етіп жазу, әртүрлі маман иелерімен тығыз байланыста болып, олардың кәсіби білімдерін тақырып негізін ашуға пайдалануға және жазғандары бүгінгі күн талабымен үндесіп жатулары керек.

Аудан үнкағазының мазмұны сіздердің кәсіби шеберліктеріңізге, білімдеріңізге байланысты. Сіздермен бірге әрқашан парасаттылық, адалдық, адамгершілік сезімдер болып, қалың оқырман қауымына қызмет ете беріңіздер.

Аудандық «Нұра» газетінің ұжымын, оның жер жерлердегі авторларын, типография қызметкерлерін Баспасөз күнімен құттықтаймыз. Барлықтарыңызға шығармашылық табыс, мықты денсаулық, бірлік пен мол бақыт тілейміз!

Д. ҚҰСАЙЫНОВ,
аудан әкімі.
Т. РАХИМБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

Ө праздником!

Ежегодно, 28 июня, согласно Указу Президента Республики Казахстан, в нашей стране отмечается День печати.

Пресса по природе своей сторонник всех прогрессивных преобразований. Ей предоставлена возможность тесно сотрудничать с общественными и государственными органами, оперативно выдавать актуальные события. Районная газета «Нұра» является основным официальным источником информации по освещению жизни сельчан, обеспечению читателей необходимыми сведениями, разъяснению им актуальных проблем современности. На ее страницах печатаются материалы по реализации долгосрочной программы «Қазақстан-2030», «Годы Аула», установки, вытекающие из мартовского Послания Президента страны, решений Правительства, акимов области и района.

Руководствуясь с этими важными документами, «Нұра» постоянно освещает работу школ и внешних учреждений, отделов здравоохранения, социальной защиты, разъясняет жилищную политику и другие актуальные проблемы, дает материалы о социально-экономическом развитии района.

Для поддержания и содержания районной газеты ежегодно из местного бюджета выделяются необходимые средства, принимаются меры по ее материально-техническому оснащению, созданы условия для творческой деятельности. И всем корреспондентам надо всегда помнить, что степень объективности статей в полной мере зависит от уровня их осведомленности и грамотности, образованности и культуры. От вас читатели всегда ждут весомых публикаций, интересных статей, репортажей, ответы на актуальные вопросы.

Поздравляем весь коллектив редакции и внештатных авторов с праздником! Пусть ваши корреспонденции, статьи будут всегда интересны, доходчивы, весомы и актуальны. Желаем вам крепкого здоровья, счастья и творческих успехов.

Д. КУСАИНОВ,
аким Нуринаского района.
Т. РАХИМБЕКОВ,
секретарь районного маслихата.

Ертену - жастар күні

Нұра ауданының жастары!

Ертең қалыптасқан дәстүр бойынша біз бәріміз жастар күнін тойлайтын боламыз. Жыл сайын бұл мереке республикамызда кеңінен аталып өтіледі. Ол дұрыс та, өйткені жастар біздің тірегіміз, жарқын болашағымыз. Өздері аға ұрпақтың өмірі мен қызметін үлгі етіп өскен жастар еліміздің патриоты болып, халыққа қызмет етіп, салауатты өмір салтын насихаттаулары керек. Наштарлыққа, алкоганизмге, қылмысқа қарсы күресті үнемі күшейтулері қажет.

Келешекке сену, шыншыл болу - біздің жастарымыздың қасиеті. «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаны және Президентіміздің наурыздағы халыққа арнаған Жолдауын орындау жолында жастарымыз қажырлы еңбек етіп, ауқымды істер тындырып, көрнекті жұмыстар атқарулары керек.

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру - бүгінгі күннің талабы. Ауданымыздың мектептерінде жас жеткіншектердің жанаша білім алуына, спортпен айналысуына барлық жағдайлар жасалған. Жастарымыз халықтың мәдениеті мен әдебиетін танып, ұлттық салт-дәстүрін біліп және оған өздерінің тиісті үлестерін қосуға міндетті.

Сіздерді келіп жеткен жастар күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Жастарымызға мықты денсаулық, ашық аспан, оқыда да, спортта да алда болуларына тілектеспіз. Мерекелеріңізбен, аудан жастары!

Д. ҚҰСАЙЫНОВ,
аудан әкімі.
Т. РАХИМБЕКОВ,
аудандық мәслихаттың хатшысы.

Завтра - День молодежи

Молодежь района! Завтра мы отмечаем традиционный праздник - День молодежи. Этот праздник молодости никого не оставляет равнодушным. И во все времена на молодежь возлагаются большие надежды, ведь именно она наше будущее, наша опора. Воспитывая себя на примере жизни и деятельности старшего поколения, вы должны быть патриотами страны, служить народу, пропагандировать здоровый образ жизни, решительно бороться против наркомании, алкоголизма и преступности.

Для молодежи характерны энергия, честность, правдивость и вера в завтрашний день. Постарайтесь сохранить эти качества на пороге зрелых лет. Будьте инициатором добрых начинаний и благородных дел в выполнении долгосрочной программы «Қазақстан - 2030», установки мартовского Послания Президента народу Казахстана.

Сердечно поздравляем вас с праздником - Днем молодежи! Пусть сбудутся ваши мечты, оправдываются надежды! Желаем вам здоровья, благополучия в семье, любви и успехов в учебе и труде. Будьте всегда стойкими, умными и красивыми!

Д. КУСАИНОВ,
аким Нуринаского района.
Т. РАХИМБЕКОВ,
секретарь районного маслихата.

КӨБЕТЕЙ АУЫЛЫН- ДАҒЫ МӘУЛЕТ ТОЙЫ

Алланың елшісі - Мұхаммед пайғамбардың пәни дүниеге келген күнінің құрметіне тұңғыш рет айрықша қуанышты жағдай Көбетей ауылында 13 маусымда болды. Мәулет тойын өткізушілер: Сенім, білім, өмір республикалық қоғамының, Астана қаласындағы «Иассаун тобы» филиалының мүшелері Иассаун тобының жетекшісі Өтегенов Еділ, сағат 12-де Көбетей ауылының ақсақалдары, ақ жау-

Бұл Мәулет күніне арналған тойға Көбетей ауылының жамағатынан басқа Ақмешіт, Кергінді, Құлано-тпес, Байтуған ауылының, аудан мешітінің намазхандары қатысты. Мейрамы ұйымдастырушы Кебетей ауылының мешітінің имамы мен жанашыр ақсақал Жәкенов Жармұхамедке, осы тойды өткізуге демеуші болған, асылдың сынығы Қалден қажының немересі Қалден Сәбитке, Мәулет мейрамына

ДІН ЖӘНЕ БІЗ

лықты әжелер мен аналар, жас жеткіншек балалар мен жігіттер ауылдың мәдениеті үйіне жиналып, Мәулет тойы не деген сұрақпен аса қобалжып отырды. Мерекеге жиналған жамағатқа «Иассаун тобының» жетекшісі Өтегенов Еділ, мерекені атап өтудің мән маңызы, Пайғамбарымыз Мұхаммед /с.ғ.с/ өмірі мен өнегелі қызметі жайлы уағазайтып мағлұмат берді. Осынау жер бетінде пенделермен қатар өмір сүрген 124 мың Пайғамбардың ең соңғысы, ең ұлығы Мұхаммед /с.ғ.с/ өмір жолын, қасиетін бейнелейтін салауаттар тындап, ерекше бір сезімге бөленіп өте риза болды. Дарынды өнер иелері, жоғары білімді жастар «Иассаун тобының» мүшелері: Дабаев Данияр, Сейілханұлы Сабыржан, Нұрғабайлов Еркін, Сұлтанбеков Дархан, Тоғызбаев Арман, Мөкебаев Марат, Тастанов Мәди деген жастардың орындаған салауатты тындағанда, арқа мұздап, дене шымырлап, көзімізге жаста келді.

Адам баласын рухани адалушылықтан құтқарып, Алланың ақ жолына бастаған Мұхаммед /с.ғ.с./ мәулетінде жұмыр басты пенденің жандуниесін байырлық уағыз-насихат - салауат айтушыларға да, оны тындаушы да айрықша қуат алып, танымалдығы кеңейте түсті. Асыл қасиеттерімен керемет үндескен хазірет Мұхаммедтің /с.ғ.с./ ұлықтығы ерекше толғандырды.

арналған тойды ұйымдастырушыларға, дастархан жайып, еңбек қылған Көбетей ауылының тұрғындарына ризашылығымызды білдіреміз. Мәулет тойына арнап берілген құдайы астан кейін аудандық мешіттің имамы Ербол мен «Иассаун тобының» жетекшісі Өтегенов Еділ марқұм болған ата-бабаларымызға бағыштап құран оқыды. Иншалла деп жоғалтқанымызды қайта тапқандай өсерде болды.

Көбетей ауылынан шыққанда кара жолдың оң жағындағы қорымға таяна бере марқұм болған мұсылман балаларына қол жайып дұға оқыды. 90-шы жылдары «Қызыл-Жұлдыз» шырағын сөнбесін», - деген мақала жазып шырылдаған «Орталық Қазақстан» журналісі есіме түсті. Қызыл-Жұлдызбен Көбетей ауылының шырағын сөндірмес азаматтар оны қолына алды, ұлтжанды ана тілін, ислам дінін қадірлейтін азаматтар. Аллаға тәуба, еліміз егеменді ел болып, құлдықтан босанып, қазақ мемлекетін құрған кезде өзтілім, өз ділім Ислам дінін естемдік алып келе жатқанды көргеніме Аллаға ризамын.

Ия, Алла рухани азығымыз - иманымызды жемісті, дінімізді келісті, халқымызға бірлік береке берсін!

Исай Қайболдыттегі,
Нұра аудандық мешіті.

Партии - это успехи развития страны



Как назвал ее Президент РК Н.А. Назарбаев, массовой и влиятельной политической силой. В 1999 году, когда страна переживала сложный период, именно объединение десятков тысяч людей в рамках партии, занимавшихся о поддержке внутренней и внешней политики президента, сыграло свою стабилизирующую роль. «Стратегия развития Казахстана до 2030» одновременно стала и долгосрочной партийной программой.

О том, какими реальными и полезными делами заявила о себе партия «Отан» в нашем районе, рассказывает исполнительный директор районного представительства Ж. Мухамеджанов.

Сегодня положение в экономике качественно изменилось. Еще пять лет тому назад в это трудно было бы поверить. Одним из важных элементов успеха реформ, подчеркнул Глава государства, была политическая поддержка «Отан». На сегодня это единственная политическая организация, имеющая «первички» в каждом сельском районе Казахстана.

Успехи «Отан» на выборах в Маслихаты осенью прошлого года создал реальную базу для партийной защиты интересов населения в регионах. В подтверждение этого тезиса Глава государства привел небольшой, но очень характерный штрих: в прошлом году после землетрясения на юге Казахстана именно партия «Отан» совместно с Правительством провела серьезную работу, оказав конкретную помощь тысячам людей. Такими реальными и полезными делами и должна заниматься политическая партия, рассчитывающая на поддержку избирателя, отметил Нурсултан Абишевич.

По состоянию на 1 июня 2004 года в районе насчитывается 30 первичных партийных организаций, объединивших более тысячи отановцев. За отчетный период состоялось 12 партийных собраний в коллективах райцентра и в населенных пунктах.

Проведено 3 заседания политсовета, где рассмотрено выдвижение кандидатов в депутаты в районный и областной Маслихат, в создание партийной группы в Маслихате, а также о рекомендации членов в работе избирательных комиссий. Среди членов партии «Отан» 37,2% - женщины, 51% - имеют высшее образование, по роду деятельности 64% - работники образования, 6,2% - представители здравоохранения, 9,2% - работники государственных органов, 12,8% работники агропромышленного сектора, 8,0% - представители коммерческих структур; по национальному признаку 53,4% - казахи, 31,8% - русские, 5,2 - татары, 5,1 - немцы, 4,5 - представители других национальностей.

Из 13 депутатов районного Маслихата, 12 являются членами партии «Отан», в связи с чем на V сессии от 22 января 2004 года была утверждена депутатская группа партии «Отан».

За прошедший период рай-

итогом выборов депутатов Маслихатов всех уровней по 298 округам избрано 230 (77,3%) депутатов членов - партии «Отан». Членами партии являются все секретари Маслихатов. Эти результаты - показатель авторитета партии среди населения, ее имиджа и, главное, - Главы государства. Доверие народа налагает и высокую ответственность. Мы открыты для всех. Поэтому сотрудничаем не только с представителями бизнеса, но и со всеми партиями, общественными объединениями, движениями и финансовыми группами».

20 апреля 2004 года состоялось заседание политсовета под председательством секретаря районного Маслихата, обсуждавшее задачи районной партийной организации в связи с принятием Конституционного закона РК «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон» «О выборах в Республике Казах-

стан», по пропаганде Послания Президента страны народу Казахстана «К конкурентоспособному Казахстану, конкурентоспособной экономике, конкурентоспособной нации», где приняли участие все члены политсовета и руководители организаций, поддерживающие программу партии, депутаты Маслихата.

От партии «Отан» состоялось выдвижение кандидатов в составы участковых, окружных и районной избирательных комиссий (47 членов партии).

30 марта 2004 года Карагандинским Экономическим Университетом была проведена районная интеллектуальная игра «Лидер XXI века», спонсором которой стали районное представительство партии «Отан» и директор ТОО «Нура - Бидай» Н.Х. Сулейменов, где победителями стали члены Молодежного крыла партии «Жас Отан» ученики 11 классов КСШ № 2 Сатенов Сагынш, Еспаева Зауре и Салменова Жанар, ученица 11 класса КСШ № 3.

12 апреля Зауре и Жанар приняли участие в Республиканской интеллектуальной игре «Лидер XXI века» в городе Алматы, где Еспаева Зауре выиграла грант в Карагандинский Экономический Университет.

Участие в этой игре стало возможным благодаря спонсорской помощи членов партии «Отан» - директора ТОО «Отканжар» депутата районного Маслихата К.Ж. Отарбаева и директора Киевского АТП Д.К. Ниязова.

Районное представительство партии «Отан» активно принимает участие в проведении благотворительной помощи по поддержке пожилых людей и инвалидов, малообеспеченных

ребята из детского сада «Золотое зернышко» получили в подарок магнитофон от районного представительства. И это не единственная помощь партии «Отан» дошкольному учреждению. При рассмотрении средств районного бюджета по инициативе партийной группы в Маслихате было выделено 500 тысяч тенге для укрепления материально-технической базы детского сада (для покупки мебели, постельных принадлежностей и игрушек). Можно сказать, что отановцы взяли под свое крепкое крыло пока еще единственный детский сад в нашем районе.

Депутат областного Маслихата, член партии «Отан» С.О. Конурбаев и районное представительство выступили спонсорами поездки в Астану юных боксеров для участия в республиканских соревнованиях, где два наших боксера заняли призовые места.

В данное время продолжается организаторская и пропагандистская работа среди населения района по вовлечению членов в ряды РПП «Отан».

К СВЕДЕНИЮ ВЫПУСКНИКОВ

Президенттин «Ауыл» бағдарламасын колдау үшін және ауыл халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайын ескере отырып Алматы экономика және статистика академиясының Карағанды институтының 2004 жылдың 22 маусымынан бастап ұлттық бірінші тестілеудің шешімі бойынша, комплекттік тестілеуден 40 балдан жоғары алған талапкерлерді институтқа және 30 балдан жоғары алған талапкерлерді колледже қабылдау үшін көшпелі комиссиясы құжаттарды қабылдайды.

Институт пен колледже мамандарды дайындау мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіліп күндізгі және сырттай оқу түрінде атқарылады.

Мамандарды дайындау институтта:
050507 «Менеджмент» 050508 «Есеп пен аудит»
050509 «Қаржы»
Колледже
0701002 «Статистика»
0703002 «Қаржы»
0713002 «Бағалау» (сала бойынша)
064002 «Дизайн» (сала бойынша) 0712002 «Менеджмент» (салалар бойынша)

0705002 «Экономика, бухгалтерлік есеп және аудит» мамандықтары бойынша іске асырылады. Мамандарды дайындаудың бір жылға төлем құны: Институтта: Күндізгі бөлімінде оқу - 65000 тенге; Сырттай бөлімінде оқу - 36000 тенге; Колледжде: Күндізгі бөлімінде оқу - 35000 тенге; Сырттай бөлімінде оқу - 26000 тенге;

Талапкерлер оқуға түсу үшін келесі құжаттарды тапсырады:
- Арыз; - мемлекеттік сертификат;
- Білімі туралы құжат (түп нұсқасы); - 6 дана - 3x4 суреті;
- Төл құжаттың көшірмесі (тууы туралы - жедел жинағыш; куәлік); - 2 конверт
Талапкерлерден құжаттарды қабылдау аудандық білім беру бөлімінде жүргізіледі.

ПРОФИОРИЕНТАЦИЯ

Учитывая социально-экономическое положение сельского населения, в поддержку Президентской программы «Аул» выездная приемная комиссия Карагандинского института экономики и статистики при Алматинской академии экономики и статистики проводит с 22 июня 2004 года прием документов в институт абитуриентов, набравших по результатам ЕНТ и комплексного тестирования не менее 40 баллов и в колледж - не менее 30 баллов.

Специальности института:
050507 «Менеджмент»; 050508 «Учет и аудит»; 050509 «Финансы»
Стоимость обучения: очная форма обучения - 65 тыс. тенге в год;

заочная форма обучения - 36 тыс. тенге в год.
Специальности колледжа:
0201002 «Право и организация социального обеспечения»; 0703002 «Финансы»; 064002 «Дизайн» (по профилю); 0713002 «Оценка»; 0705002 «Экономика, бухгалтерский (по отраслям) учет и аудит»; 0712002 «Менеджмент» (по отраслям)
Стоимость обучения: очная форма обучения - 35 тыс. тенге в год;

заочная форма обучения - 26 тыс. тенге в год.
При поступлении предъявляются следующие документы:
- Заявление;
- Государственный сертификат;
- Документ об образовании (подлинник);
- Фотографии 3x4 - 6 штук;
- Копия удостоверения личности
- Скоросшиватель (свидетельство о рождении);
- 2 конверта;
Прием документов: в районном отделе образования.

ИНФОРМИРУЕТ ДОРОЖНАЯ ПОЛИЦИЯ

Соблюдения ПДД - это общее дело

Я так считаю, потому что нам, работникам органов внутренних дел один из этих задач не решить. А потому, уважаемые водители, давайте общими усилиями будем бороться за недопущение аварийности и тяжести последствий при дорожно-транспортных происшествиях.

Анализируя состояние аварийности за период более чем пять месяцев текущего года, необходимо отметить снижение ДТП по сравнению с прошлым годом (4 случая в 2003 г. и 3 случая в 2004 году), хотя по количеству погибших зарегистрировано 2 случая, чего не было в прошлом году.

Не могу не обратиться к родителям, разрешающим управлять автомобилем несовершеннолетнему ребенку, которые неосознанно, а может, и сознательно подвергают собственных детей риску - почаще вспоминайте пословицу: «надо надеяться на лучшее, а готовиться к худшему».

И еще, уважаемые родители, выпуская детей на улицу кататься на велосипеде или играть в мяч вблизи проезжей части, не считайте лишним предупредить об осторожности.

Переходя от детей к взрослым, напомним, что начинается пора сенокоса, а потому хотелось бы обратить внимание владельцев механических транспортных средств, а также грузового транспорта на наличие в цепных устройствах светоотражающих знаков (котофоты или самоклеющиеся пленки). Несмотря на то, что об этом правиле дорожного движения знают все водители, все же умудряются допускать халатность как физические, так и юридические лица.

Хочется предупредить руководителей хозяйствующих субъектов - не пренебрегать правилами эксплуатации транспортных средств с негабаритными размерами. Особенно обратить внимание при подборе водителей на машины, занимающиеся перевозкой людей. Не хотелось бы повторить случай наших соседей, когда бригадир полеводческой бригады оставил водителя охраняя в ночное время технику, а сам сел за руль и повез механизаторов домой. В дороге автомашина ГАЗ-53 «Сайрам», в которой находились люди (под управлением А.В. Андреева) совершила столкновение с КамАЗом-5320 (под управлением Р.А. Джангирханова), в результате чего 7 человек погибли и 4 получили ранения.

Пожалуйста, уважаемые руководители хозяйств и лица, ответственные за данный участок работы - соблюдайте правила эксплуатации транспортных средств, занимающихся перевозкой людей и с негабаритными размерами, а также без опознавательных знаков, особенно в темное время суток. Не ждите, когда вам укажут на неисправности и примут меры административного воздействия. Никакой штраф не возместит цену жизни людей. Давайте будем работать сообща, не допуская дорожно-транспортных происшествий.

Ж. ЕСЖАНОВ,

начальник отделения дорожной полиции, майор.

Они нуждаются в вашей помощи!

В соответствии с законом РК «О социальной и медико-педагогической поддержке детям с ограниченными возможностями». При Нуринском районном отделе труда и социальной помощи населению создано с января 2004 г. отделение социальной помощи на дому детям с ограниченными возможностями (ОСМПДОВ).

На сегодняшний день нуждаются в обслуживании 87 детей - инвалидов. В штате отделения работают 17 социальных работников и зав. отделением. Все соцработники имеют среднее - специальное и высшее педагогическое или медицинское образование. Основная задача нашей работы - это привитие жизненно необходимых навыков, организация быта и досуга детям с отклонением в развитии. Не секрет, что некоторые из родителей перестали надеяться на положительные сдвиги в состоянии здоровья своего ребенка. Поэтому мы, по возможности, проводим работу с родителями в целях реализации реабилитационных мероприятий и адаптации ребенка в семье. Только работая сообща, мы можем добиться успеха в улучшении состояния здоровья, психоэмоционального настроения ребенка.

СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА



Ко Дню защиты детей отделение соцпомощи детям с ограниченными возможностями и заведующая отделом труда и социальной помощи населению Г.Т. Жупенова провели благотворительную акцию. Детям были вручены подарочные пакеты от спонсоров: одежда, игрушки, продукты питания. Ребятам, обучающимся на дому, вручены игры «Денди». Тем, кто по состоянию здоровья не смог по-

сетить праздник, подарки развезли по домам.

Слова благодарности, которые мы услышали от родителей наших подопечных, доказывают необходимость и полезность данной работы.

Мы же в свою очередь выражаем благодарность организациям и предприятиям, коммерческим структурам, которые оказали благотворительную помощь этим детям. В первую очередь, это руково-

дители таких хозяйств и организаций, как: Д.С. Сыздыков (ТОО «Куланотпес»), Э.Б. Таттыбаев (ТОО «Пржевальское», Г.Г. Прокоп (ТОО «Шахтер»), В.Э. Приб (ТОО «Карой»), Д.К. Ниязов (АТП), а также представители коммерческих структур: В. Шаповалова, О. Айдарханова, Л. Романенко, Б. Омарова, Г. Касымова, Р. Абилова, Г. Мохова, З. Каирбекова, П. Бычков, Г. Ныгметов, Б. Наурызбаева, Ж. Карбаева, ЧП «Тусулбеков», ЧП «Дмитрук» и т.д. Спасибо за вашу отзывчивость и чуткое отношение к чужой беде. Конечно, очень хотелось бы, чтобы как можно больше было оказано помощи нашим подопечным. Неплохо было бы организовать работу игровой комнаты для детей, приобрести спортивный инвентарь, наглядные пособия для работы. Но вся проблема в нехватке средств. Поэтому через газету мы обращаемся ко всем, у кого есть возможность и средства помочь этим детям! Они очень нуждаются в вашей поддержке!

Н.БИЛИНЕЦ,
зав. отделением социальной помощи на дому детям с ограниченными возможностями.

На снимке: Г.Т. Жупенова и Н.В. Билинец - решающие повседневные задачи.

Жуантөбе бөктері дүбірлі еңбек

“Шалдыбаев Дауыл Зейінғалиұлы” шаруа қожалығы астықты өңірдегі алғашқы қарлығаштардың бірі. Ол 1995-ші жылы дүниеге келді. Ол кезде бұрнағы “Чернигов” кеңшары ыдырай бастағанымен, жер көлемі өз қармағында еді. Аудан орталығы Қараталмен қанаттас жатқан № 3 бөлімшесі соның бір бөлігі. Мінекей, Шалдыбаевтардың үлкені Дәукен жастайынан осында мал маманы болып, көп жыл қызмет істеді. Әділінде, төрт бөлімше төртке бөлініп, жекешелену дүбірлені тыныш жатқан елді мекендерді кеулеп әкеткенше, ол міндетіне кір келтірмеді, берік болды. Бірақ, мұндай ұстаныстың түбі қайырын бермесіне оның кешікпей көзі жетті. Сөйтіп, ағайындылар /Шалдыбаевтар, шүкір, бірнеше ағайынды/ отбасылық отырысқа жиналды.

Біраз талқыдан соң, шаруашылықтан өзімізге тиесілі үлесімізді алып, жеке шығуды жөн көрдік, - деп бастады әңгімесін шаруа қожалығының басшысы Дауыл Зейінғалиұлы. - Жер көлемі жеткілікті болары есепте-тін. Себебі, бізбен бірігіп, бел бұғандар аз болмады. Ашып айтсақ ол, 1613 гектарды құрады. Мұның 913 гектары дәнді дақылдарға арналған аңыз. Бірақ, техника жағына келгенде, қатты қиналды. Өйткені үлесімізге жөні түзу бірде-бір ауыл шаруашылығы машинасы бұйырмады. Бірі жүре сыңса, енді біреулері қаңқа қалпында қабылданып тұрған қалпы тұрып қалды. Ал қосалқы бөлшектер сатып алып, жөндеуге шама келе қоймады. Олай болатыны, тоқсаныншы жылдардың орта шені тек жас сәбише аяқ ала бастаған біздер үшін ғана емес, баршаны бірдей қаржы тапшылығына әкеліп тіреп, елдің апшысын қуырып тұрды ғой. Еске алудың өзі қинайды, тіптен басқаша амал болмаған соң, қорадағы малға да қол салдық. Әлбетте, әлем қайырымсыз адамдардан тұрмайды демей ме. Бізге осы нақыл дөп тиді. Өзімізден ертеден аралас-құралас жүрген инабатты-иманжүзді жолдасымыз болатын. Міне осына абзал азамат қиын-қыстау кезеңде қолтығынмен демеді, күрделі көмегін ортаға салды. “Мыңның атын білгенше, бірдің жүзін біл” деген осы да Шаруа қожалығы біртіндеп бой түзеп, ой мезгеп, болашақ көкжиегін айқындай берді. Әрине, бірінші кезекте жер өңдеп, егін салу міндеті тұрды. Ұжым да ауызбірліктен шықпай, күш-жігерін арналы мақсатқа бағыштай берді. Алайда, олардың әр қайсысының отбасы, бала-шағасы бар. Демек, тұрмыстық жағдайларын шешіп, адам факторын арттыру мәселесі алға шықты. Не керек, біздер үшін 1995-97 жылдар естен кетпес ызғарлы кезең болды. “Береке түбі бірлікте” дейді дана халқымыз. Қиындықтардың бәрі артта қалды, біз бәріне де қарсы тұра білдік, жеңе білдік.

Дұрыс-ақ, жеке маншкіктің не екеніне терең бойлап, өмір және еңбек мектебінің дауылынан да өткен екенсіздер. Біздің де мұны естігеніміз, білгеніміз артық болмады. Дегенмен өздеріңізге келу себебіміздің пердесін асықпай ашып, әңгіме барысында тарқата отырып жөн сияқты. Ойымыз кең ауқымды, көп салалы болмақ. Әйтсе де мына біржолға қоныс қып, мекен жайған қыстақ-жайлаудың жер атауына тоқталып, көптен іште жүрген, көпшіліктің жүрегінен орын тапқан зерделі бір мәселені де алға тартсақ қайтер еді?

Ұлан-ғайыр астықты Нұра табиғатының төрі демесек те, сіздердің тұрған жеріңіз өңірдің шежіре-тарихымен ұштасып-үндесіп жатқан жоқ па? Мәселе аудан орталығынан қол созыма жатқанынан болмаса керек...

Түсіндім. Әкей марқұм мұндайға жақындау еді. Өздеріңізге мәлім, ол аудан басшылығының орта буынында көзін жұмғанша адал қызмет атқарып өтті. Соңғы жылдары аудандық жинақ қассасының меңгерушісі болды. Сол әкей айтатын: “бәбалар ұрпағын бағалау үшін, әуелі олардың тегін, тұрағын білу пәрз. Сонда ұрпақ жалғастығы үзілмейді, жер-су аттары өшпейді” деп. Өкінішке орай тәрбие-түсінік ағымсыз бала бақшадан бастап, күні кешеге дейін, басқа ағыммен, басқа арнаға құйған заманда, мұның қайсы бірі жадымызда жатталып қалыпты. Ең ақырғысы, мына бұрнағы “Чернигов” кеңшарының үшінші бөлімшесі аяқ астынан Беларусь кеніші деп аталып, әлі сол қалпында жүрген жоқ па? Ал Қараталдың батысында

қанаттасқан ауыл ше? Төптен атауға тілін бармайды - Ит хуторы делінеді...

Шүкір, біздің тұрған жеріміз тарихи атын сақтап қалған. Мұнда, жер жұртып, егін салғанда, шөп шауып, астық бастырғанда, әкей айтпақшы, аруақтар рухы бірге жүргендей сезінесіз. Кешегі елім деп, жерім деп адал еңбек еткен Мейрам Құсайынов, Ахметжан Ынтықасев, Елеукен Жахин т.т. бейнесі көз алдына еріксіз келеді, саликалы ой тартымға жетелейді. Өйткені олар осына Жуантөбе мен Шөптікөлді, Қаратал мен Айсакөлді тек қана мекен етіп қоймай, ел ырзығына, ел байлығына айналдыра білген, ұқыпты-ұтымды пайдаланған, кейінгі ұрпағына мирас қып қалдыра білген жандар.

Кешіріңіз, аудан орталығының көне аты Қаратал бола тұра бергі тарихтан Киевқа атанып келеді. Ал егемен Қазақстан көк байрағын әлемге танытып, іргелі, құқықтық ел боп ертенімізге нық қадам басып отырғанда, осы дұрыс па? Бүгінгі талғам-тілегімізге, көп ұлтты жерлер-теріміздің суранымына сай дей аласыз ба?


Мен саясаткер емеспін және мұндай қасиет кез келген еңбек адамының жүрегінен орын алмағаны абзал. Бір ғана ұстаным ол, Елбасының өміршен, көрегендік саясаты біздің бағыт-бағдарымызды сілтеп отырған жоқ па. Бірақ, сауал жанды, ретті болғандықтан, менде шынымыз ашып айтайын. Кезінде, әділі керек, бұл мәселе төңірегінде қайшылас пікірталастар болып отырды. Қазір түсінік те, көзқарас та өзгеше. Және ұсыныстар аз емес. Өз басым соның біріне ғана иланам. Ол астықты өңір орталығын ауданмен аттас қып - Нұра кенті деп атаған жөн. Бұған біздің көп ұлтты шаруа қожалығы бір ауыздан қосылады.

Рахмет, көп жерде осыған тоқталып жүр. Түбі осына қонымды байламағарша нұралықтар келе жатар... Ал енді әңгімемізді өз арнасына бейімдесек. Біріншіден, Елбасының Жолдауына ден қоя тезден өткізген бұларсыздар. Оны ұжым қалай қабылдады, қай тұстары қонымды келді, қандай пікір туындатты??? Екіншіден, еңбек адамдары төңірегінде әңгімелесеніз.

Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл Жолдауын барша Қазақстандықтын зор еңбек және саяси өрлеу үстінде қуанышпен қабылдап, қазіргі таңда оның нақты іске айналып отырғанын көруіңіз өзі бір ғанибет. Ал, қай тұстары дегенге жауап іздеу қиын соғып тұр. Өйткені бұл Жолдаудың ерекшелігінің өзі сонда, ол біртұтас адам қамқорлығына, жалпы еліміздегі әлеуметтік ахуалды арттыруға бағытталған. Айталық, ұжым мүшесінің қай-қайсысының болмасын қартайған ата-анасы, туған-туыстары бар емес пе. Міне, осыларға көрсетілер жасалықтан оң жолға қойылуы, кімнің де болмасын көңілін марқайтады, жігеріне жігер қосып, белсенділігін арттырады, еңбек өнімділігіне жетелейді. Әсіресе мұндай өрлеу, бұрын-соңды болмаған ұйымшылдық пен ынта көктемгі дала жұмыстарын атқарғанда айқын көрініс берді. Бас механик Григорий Матюх пен бригадир Виктор Кузьменко басқарған дикан-механизаторлар ылғал жабуы да, дән сіңіруді де қысқа мерзімде агротехникалық талапқа сай сапалы өткерді. Ғалым Шілдебаев, Жанат Тасымов, Мейірбек Құсайынов, Ерғалым Жақыпбеков, Геннадий Шульц, Айболат Қабаев тағы басқа дала тарландары техникасын ұқыпты пайдалану арқасында ұзаққа күн тынымсыз еңбек етті аңыз ішінен шықпай, жоспарларын тұрақты асыра орындап отырды. Айта кеткенім жөн шығар, бұлардың кез келгені бірін-бірі алмастырып

жүре беретін бесаспап шеберлер: комбайнға, тракторға, автомашинаға отыра береді. Ал ақауланған техниканы жөндеуде де жұмыла кетеді, ашық аспан астында - ақ орнына келтіре береді.

Алайда, міне көріп тұрсыздар, екі аршын базы пайдаланылды. Бірінде жөндеу жұмыстары жүргізілсе, екіншісі - қойма ретінде ұсталынылады. Ал мына үй алғашқы жылдары бой түзеді: әрі қыстақ, әрі жайлау. Мұнда шағын-шағын бірнеше бөлме есеппен арнайы жасалынған. Алайда жатар орын жанынан, ас қабылдау бөлмесінің тіркесуі ұнамай жүрген. Сол себепті асхананы бөлек салып, бітіп қалдық. Әлбетте, ұжымға деген, ал өзімізді қосқанда оның тұрақты саны 17 адам, қамқорлық мұнымен шектелмейді. Адам факторына біз үлкен мән береміз. Және ол жекелеген механизмдерден асып, оның отбасына, бала-шағасына көрсетілер қамқорлықпен ұштасады. Мұның ұтымды қозғаушы күші екеніне көзіміз жетіп жүр. Осы тұста Елбасының Жолдауы тағы да еріксіз белен береді. Нұр - ағаның адам ресурстарын дамыту бөлімінде оның факторына анын тысқары жағынан өте орынды көрініс берілген. Ай-



ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ

талық, еңбексіз табыс пен таза ақысыздық еңбек туралы өлшемнің құндылығына кері әсер береді, адамды енжарлыққа тартып, оның өмірлендік қабылетін төмендетеді. Және де мемлекет адам проблемасына неғұрлым аз араласса, солғұрлым оған пайдалы болады. Міне, осына терең қағиданы ұжым жақсы түсініп, қолданысқа алды. Содан да біздің қазіргі ұранымыз: “Өзіңе, отбасына бар игілікті өзін қамтамасыз етіп, қасиби шеберлігің мен даму деңгейіңді тұрақты арттырумен бол” - деген.

1991 жылы Елбасының қатысуымен аграрлардың алғашқы съезі өткізіліп, қазіргі шаруа қожалықтары мен фермерлердің қозғалысы бастау алып еді. Сіздер төрт жылдан кейін өмірге келісіздер. Содан бері Нұранның да талай суы ағып, жаңарған заманның да өзекті өзгерістері орын алған екен. Сіздерде ше, осыны сезіндіңіздер ме??? Қандай игі істерді көлденең қоя алар едіңіз?

Әрине сезіндік - көріп те жүрміз. Жоғарыда қол байлау болған қиындықтар туралы айтқан болатымын. Соның ішінде ауыл шаруашылығы техникасы төңірегінде әңгіме болды. Бүгінгі таңда жер көлеміне және егін жай мен шабындыққа қарай есептелген сан алуан машиналар бар. Тіптен қажет қуаттағы машина-трактор паркі қалыптасты десем артық емес. Оның құрамында дала алыбы атанып кеткен “Кировецтер”, егіншілікке, жермен жұмыс істеуге арнайы бағытталған, орны бөлек шынжыр табан Т-4 және белгілі ДТ-75 тракторлары, Нива комбайндары және себу-жырту агрегаттары, жер өңдейтін, пішен дайындайтын тіркемелер мен қорапты, рөндікті арбалар бар. Осының бәрі өршен, мемлекет пен үкімет жүргізіп отырған әмірмен саясаттың шапағаты. Тиісті көмек-қолдау көрсетілмесе, кей-кейде жеңілдік жасалынбаса, шаруаларға өздігімен қорлану оңай болмас еді. Әсіресе кейінгі екі жылдан бері алам дегенге жанар-жағар май мен тұқым жеңілдетілген бағамен босатылып жүр. Өкініштісі ол тасымалы мен көлік шығыны ескерілмеген.

Ал, несие жағы қалай? Бұл да шешілген мәселе делінеді. Бірақ, нақты істе әлі де қағазбасшылық пен басқа да сергелдені оң жолға түспей тұр. Әйтпесе, пай-

ызсыз несие алуға шаруашылықтардың қайсысы ұмтылмас еді...

Дауыл Зейінғалиұлы, бастапқы бір сөзіңізде қорадағы малға да қол салдық - дегенді айтып қалдыңыз. Бұл сала қазір қандай күйде? Бағымда қандай мал басы бар?

Шүкір, сала бір шама көтеріліп қалды. Біріншіден, бұл азық қорының молшылығы мен сапасынан. Әрине, бақташылардың баянды еңбегінің жемісі. Екіншіден, егіншіліктің өркендеуі арқасында, малды жөңсіз жұмсауды доғардық. Ал, бағымда қандай мал басы бар? Бағымда 170 кой және 40-қа жуық ірі қара бар. Саланы мамандығына қарай ағайынды Дәукен басқарады. Ал бақташылар ағайынды Сәрсенбай, Дүйсенбай, Дархан Әлиндер мен Мейрамбай Ыдырысов деген азамат. Жастар, дегенмен малсақ білікті жандар.

Сіздерге меншіктің осы түрі ұнай ма? Ал, кейбіреулер, атап айтсақ Қазақстан фермерлерінің - “КазАгроның” президенті Борис Касумов мырза селодағы жекеменшік болашағы тек кооперацияда дегенді қадап айтады. Сіздің ойыңызша қалай, бұ жөнінде не айтар едіңіз?

Айтатын ештеңе жоқ, бізде осы төңіректе осы түсіністікте, ұжымдық еңбекте емеспіз бе? Айырмашылығы, тек қана өндірістік кооператив деп аталынбайды демесе. Меніңше, біздің ұжым дұрыс қалыптасып, оң бағыт ұстанатын отыр. Науқандық жұмыстарда, әсіресе, көктемгі егін пен ортақта қатынасшылар саны көп өседі. Одан беріде, шабындыққа мәдени шаралар қолданып, бір жылдық азықтық дақылдар салуға, олардың құнарлы және сапалы сорттарын пайдалануға қадам жасампақпыз. Бұл негізгі дақыл-бидай егістігі көлемін біршама ұлғайтуға жол ашар еді. Сайып келгенде, біз өзіміздің келісе пішкен тонымыз - меншік таңдау бағытымызды бұзамыз деп айта алмаймын.

Сонда сіздер кейінгі қабылданған жер туралы жаңа заңының - Кодекстің талаптарына да дайын екенсіздер ғой?

Иә, солай деп айта аламыз, әгәрде сіздің мезгеп отырғаныңыз тек келер жылға дейін шаруа қожалығы мүшесінің үлес мөлшерін белгілейтін құжаттарын қайта түзеуден өткізіу болса. Өйткені біз шешуші үш ұсыныстың бірін ғана қабылдап, бұрнағы шаруа қожалығы дәрежесінде қалуды ұйғардық. Ал түптеп келетін болсақ Жер кодексі төңірегінде қайнауы жетпей дүмбілез піскен дүниелер баршылық...

Шынында да аталмыш шаруа қожалығына алдын-ала бас қатыратын дөңесіңіз жоқ. Тіптен, бәз біреулер сияқты жергілікті атқарушы орынға барып салмақ арту, сергелденге түсудің де керегі нешік. Жер Көбетей аулы әкімдігі құрамында. Ал, салық төлеп, ағымдағы есеп беру, болашақ болжамды бекіту т.т. а ыл әкімі Еділ Тұрановпен әрдік саликалы тезден өткізіліп тұрады. Қайырымдылық шараларына қатынасу да осы тұрғыда шешіліп жатады. Орайында айта кетейік, жаңа Жер кодексінің 16, 17 баптарына сәйкес жергілікті атқарушы орындар шаруа қожалықтарына тиесілі көмегін міндетті түрде жан-жақты көрсетіп отыруы керек.

Жуантөбе. Ол астықты өңір орталығынан небары 7 шақырымдай қашықтықта, ауданның күре тамыры саналатын Киевқа - Осакаров-Қарағанды тас жолы бойын құалай Құрқопаға қарай созылып жатыр. Бабалардың өткен ғасырдағы дүбірлі еңбегін бүгінде төбе бөктерінде “Шалдыбаев Дауыл Зейінғалиұлы” шаруа қожалығы ұжымы жалғастырауда. Маусымның алғашқы күндерінің ылғалынан нәр алған өсімдік әлемі көз тартқалы, дала төсі құлпырып сала берген. Осыны тосқан іскер ұжым да шабындыққа шалғыны асыға салды. Мақсат тек қана қолдағы мал басына жеткілікті пішен қорын жасау емес, табиғаттың жомарт шағын қожалық қассасына ақша түсіруге де пайдалану. Иә, күн санап шабындықтағы шабыт арта түседі. Жуантөбе бөктері тағы да дүбірлі еңбек симфониясын тартып жүре барды.

Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,
Киевка кенті.
Жуантөбе жайлауы.

Суретте: шаруа қожалығының басшысы Дауыл Шалдыбаев.

Жұмысымыздың беделі мен абыройы

Мемлекеттік қызметші мен оның жұмысы қашанда жұрттың көз алдында. Оның абыройы - мемлекет абыройы. Мемлекеттік қызметшінің ісіне қарап жұрт мемлекеттің әділдігін, халықтың мұны мен мұқтажына деген ілтипаттылық деңгейін бағалайды.

Республика Президентінің Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызметшілердің қызмет етебі туралы Ереже мемлекет басшысының қазіргі заманғы мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз ету мәселелерінде ерекшелен қамқорлығын дәлелді. Мемлекеттік қызметшінің әдептілік ережелерін жасау кезінде оның мемлекет өкілі ретіндегі дәрежесі, лауазымдық өкілеттілігі, сондай-ақ осылардан туындайтын қоғам алдындағы жауапкершілігі ескерілген.

Мемлекеттік қызметтегі кез-келген жұмыс тақпарлық, кеудемсоқтық, қызмет бабын асыра пайдалану сияқты заңға қайшы әрекеттермен сыйыспайды. Өкінішке қарай, мұндай көріністер әлі де кездесіп жатады.

Өткен жылы мемлекеттік органдар мен біздің басқармаға мемлекеттік қызмет әлебін бузу оқиғалары туралы 68 шағым түсті. Олардың елуі жазбаша түрде, он екісі сенім телефоны арқылы, алтауы әдептілікті бақылау кітабына түскен. Соған орай мемлекеттік 17 қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Мысалы Кенгір селосы әкімдігі аппаратының маманы Г. Әзілбекова азаматтармен дөрекі сөйлесетіндігі үшін қызметінен босатылды. Өзінің тиісті қызмет міндеттерін орындамағаны үшін және тексеру тобы мүшелерін тексеру актісін қайыра жасауға мәжбүр еткені үшін Қарағанды облысы бойынша қаржы бақылау комитеті басқармасының бөлім бастығы Ж. Бейсенбековке қызметке сәйкессіздігі туралы ескерту жасалынды. Осы басқарманың бас бақылаушы-ревизоры А. Құтжановаға қызмет міндетін адал орындамағаны үшін сөгіс жарияланды.

Балқаш қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі М. Жанов мемлекеттік органдар қызметіне орынсыз араласқаны үшін тәртіптік жауапкершілікке шақырылды. Теміртау қаласы бойынша салық комитетінің бас маманы И.А. Резвановаға азаматтардың арнамысына тиіп, олардың арыз-шағымдарына қарамастан тугызғаны үшін тәртіптік шара қолданылды.

Жалпы, қызмет әдебі Ережесі мен мемлекеттік қызмет туралы заңдылықты бузу оқиғалары туралы азаматтардың арыз-шағымдары

тексерусіз қалдырылмайды. Мысалы, біздің басарма Шет ауданының тұрғыны Ж. Ергалиеваның Шет аудандық әкімдігі аппаратының басшысы А. Мұқашеваның үстінен жазған шағымын тексерді. Мұқашева бос тұрған бас маман қызметіне конкурста түсеуі қажат қабылдамаған. Тексеру қорытындысында бұл мамандық өзгертілді. Азаматтардың мемлекеттік қызметке тең дәрежеде түсетін конституциялық құқын бұзғаны үшін А. Мұашеваға тәртіптік жаза қолданылды.

Шахтинск қалалық әкімдігінің аппараты Шакан кенті тұрғындарының осы тек әкімдігі аппараты қызметшілерінің өз міндеттерін тиісті деңгейде атқармайтынына жасаған шағымын тексерген. Тексеру барысында көрсетілген фактілер анықталған. Қызмет әдебі Ережесінің екінші тармағының төртінші тармақшасын бұзғаны үшін Шахтинск қаласы әкімінің орынбасары Е. Өтешевке және жетекші маманы Р. Ермаковаға сөгіс жарияланды, ал Шакан кентінің әкімі Ш. Оспанова қатаң сөгіс түрінде тәртіптік шара қолданылды, коммуналдық ша-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

руашылықты реформалау басқармасының бөлім бастығы С. Орымбаинов жазбаша түрде ескерту алды.

Осакаров ауданындағы Теман селолық округінің жетекші маманы Г.В. Соснова мемлекеттік қызмет атқара жүре шаруа қожалығын басқаратыны туралы біздің басқармаға сенім телефоны арқылы шағым түсті. Тексеру барысында шағым фактілері анықталды. Мемлекеттік қызмет туралы белгіленген заң тәртібін бұзғаны үшін Г.В. Соснова қызметтен шығарылды.

Зан бұзушылық фактілерін жасыратын жағдайлар да кездеседі. Мысалы Шет аудандық әкімдігі аппаратының қызметін жоспарлы тексеру барысында мемлекеттік қызметшілердің қызмет әдебі Ережесін бұзғаны үшін бас маман А. Омарова мен маман М. Мұхамедшинге тәртіптік жаза қолданылғаны анықталды. Алайда бұл туралы ай сайынғы есепте көрсетілмеген. Оның үстіне Шет аудандық білім бөлімі мемлекеттік қызмет жөніндегі ҚР Агенттігі ұсынған қызмет этикасы ережелерін жүзеге асыру шараларын орындамаған. Мұнда Ереже мәтіні жазылған стелд жоқ, сенім телефоны қойылмаған, әдептілікті бақылау кітабы жүргізілмеген және қызмет этикасы Ережелерінің жалпыға

бірдей құқықтық оқу жүйесі енгізілмеген, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасы Ережелерінің мәтінімен таныстырылмаған.

Аталған кемшіліктер барлық әкімдер мен мемлекеттік органдар басшылары қызмет әдебі Ережесі мен мемлекеттік қызмет туралы және сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдылықтардың бұзылуына жол бермеу жөніндегі шараларға тиісті мән бермейтінін көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілетін ерекше сенім екенін ұмытпауымыз керек. Ол мемлекеттік қызметшілерден жоғары адамгершілік, әдептілік пен моральдық талақты талап етеді.

Тағы бір ескертетін жағдай - облыстағы барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары қойылған. Солар арқылы қызмет әдебінің нормаларын, мемлекеттік қызмет пен сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес заңдылықтарын бұзған лауазымды мемлекеттік қызметкерлер мен қызметшілер туралы хабарлауға болады.

Біздің облыстық басқармадағы сенім телефоны: 42-11-05; 42-11-47.

Т. ӘЛБАТЫРОВ,
ҚР-ның мемлекеттік қызмет жөніндегі Агенттігі Қарағанды облысы бойынша басқармасының мемлекеттік қызмет туралы заңдылықтар сақталуын бақылау бөлімінің бастығы.

К сведению налогоплательщиков и населения Нуринаского района!

О фактах нарушения работниками Налогового комитета налогового законодательства, законодательства о государственной службе, борьбе с коррупцией и норм служебной этики просим сообщать на телефон доверия Налогового комитета по Нуринаскому району: 22-2-84, а также в НК имеется журнал и ящик жалоб и предложений, где вы можете указать на свои замечания и предложения.